

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №1

Хаттама №1

Күні: 29.08.2023 жыл

Қатысқандар: 29

Қатыспағандар: 3

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру - шынықтыру шараларының есебі.
Медбике, топ тәрбиешілері
2. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат міндеттерін талқылау, бекіту
 - 2.1 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)
 - 2.2 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат
Меңгеруші, әдіскер
3. Барлық топтардың және пән мамандарының 2023-2024 оқу жылына арналған перспектикалық жоспарларды бекіту
Меңгеруші, әдіскер, педагогтер, тәрбиешілер
4. Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту, педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау.
Меңгеруші, әдіскер
5. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының қорытындысы
Меңгеруші, әдіскер, медбике

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Г.Рахимова - Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шыңдауға бағытталған апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады.

Бұл уақыттағы біздің негізгі міндетіміз – өсіп келе жатқан ағзаның демалуға, шығармашылық белсенділікке және қозғалысқа деген қажеттілігін мүмкіндігінше толық қанағаттандыру. Сауықтыру, танымдық және ойын-сауық сипатындағы іс-шаралардың нақты жоспарланған жүйесі балалардың физикалық және психикалық дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге көмектесуін қадағалай отырып ұйымдастырылды.

Топ тәрбиешілері - Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:

балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту;

балалардың спорттық іскерліктері мен машықтарын дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу.

Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді.

Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Дене шынықтыру нұсқаушылары Бекбосынова С.С., Шегебаев Ф.Ф. тәрбиешілермен бірге «Балаларды қорғау күні», «Нептун күні» ойын-сауықтарын өткізді. Жас ерекшеліктері әр түрлі топтар қатысқан «Спорт және денсаулық апталығы» балалар үшін қызықты мереке болды, қимылды ойындар мен спорттық жарыстар барысында ойынға қатысушылар өз ептіліктерін және мықтылықтарын көрсетті. Серуен кезінде балалар тек қимылды ойындармен қатар футбол, велосипед тебу сияқты спорттық ойындар да ойнады.

Жазғы мезгілде сауықтыру және шынықтыру шараларын өткізуге мүмкіндік көп. Әдіскер мен тәрбиешілер жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстарын жоспарын алдынала жасақтады және дайындық жүргізді. Ауызды шаю, қолды шаю, ауа және күн ванналарын қабылдау, саяжайда жалаң аяқ жүру сияқты шынықтыру шаралары күнделікті жүргізілді. Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі қатаң бақылауда болды.

Қимылды ойындардың уақыту, ұзақтығы, жүктемесі қатаң бақылауда болды (көп қозғалысты талап ететін қимылды ойындар күн көзінің қатты қыза қоймаған сәтінде серуеннің басында өткізілді). Күн ыссы уақытта балалар ағаштардың көлеңкесіндегі жолдармен жүгіріп шынықты және тыныстау гимнастикасының кешенін орындады.

Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тәрбиешілер құммен эксперимент жасауды жиі қолданды. Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында жаз мезгілінде әр түрлі сауықтыру шаралары ұйымдастырылды: «Қызықты суреттер» (дәстүрден тыс сурет салу, көкөністерден жасалған мөртабандар), тастанды және табиғи материалдармен жұмыс, «Сабын көпіршігі» күні, «Күншуақ қоян» күні және т.б. Әрбір топ балалардың қол еңбегімен айналысуға арналған құрал-саймандармен қамтылған. Бақшада әрбір топтың өзіне тиесілі бөліктерінде балалар гүл, қызанақ, көкөрам, көкжелек, т.б. отырғызды. Тәрбиешілердің басшылығымен оларды суарып, топырағын қопсытып, арам шөптерден тазалап күтіп баптады.

Жазғы мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

П.Кадирова - балабақша меңгерушісі педагогикалық кеңеске қатысушы педагогтерге жаңа оқу жылындағы жаңа ерекшеліктердің маңызын түсіндіре келе, биылғы 2023-2024 оқу жылындағы балабақшамыздағы алға қойған мақсатымыз да мектепке дейінгі білім беру саласындағы өзгерістерге баса назар аударып, ата-аналар, тәрбиеленушілер мен ұжымдағы педагогтермен бірлескен жұмысқа нәтижеге бағытталған бірлескен іс-шаралар тиімділі мен маңызды болуы керек. Жаңаша білім беру Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер орын алуы маңызды болып саналады.

Жаңа оқу жылындағы өзгерістерге тоқталсақ, ұйымдастырылған іс-әрекет - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет. Осы тұрғыда балабақшада инновациялық технологияларды қолдануда баланың адамгершілік және тұлғалық тәрбиесін қалыптастыру

Педагогикалық кеңеске қатысушы педагогтер мен тәрбиешілер балабақшаның міндетіне қатысты өз пікірлерін білдіріп, бірауыздан өскен болашақ тәрбиеленушілердің адамгершілік және тұлғалық тәрбиесіне қатысты ойларын ортаға салды.

А.Атыгаева - балабақша әдіскері 2023-2024 жаңа оқу жылындағы тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне тоқталды.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына;
- 4) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына;
- 5) Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Қазіргі жаңа оқу жылында тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша - физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер еркін түрде күннің бірінші және екінші жартысында кіріктіріліп, ойын түрінде ұйымдастырылады.

Балабақша әдіскері А.Атыгаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен қайталау жұмыстарын өткізді.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптармен таныстырды.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады. Балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі және салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым- қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады. Тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем- эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды.

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

Әдіскер сөз соңында Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптармен таныстырды. Жас кезеңдері мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар) – 2 жастағы балалар;
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар, кіші топ – 2 жастағы балалар, ортаңғы топ – 3 жастағы балалар, ересек топ – 4 жастағы балалар, мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

2023-2024 жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат негізгі 6 бөлімнен тұрады.

1. Нормативті құқықтық қамтамасыз ету.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету
3. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын басқару
5. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін жылдық жоспарлау
6. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

3. ТЫҢДАЛДЫ:

А.Атыгаева - балабақша әдіскері балабақшада жаңа оқу жылына дайындық іс-шараларын тексерудің нәтижесінде біршама жұмыстар қайтадан өз деңгейінде жүргізілгені жайлы атап өтті. Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту барысында заттық-дамытушы ортаның дұрыс ұйымдастырылуына да көп көңіл бөлінді. Әр баланың жас ерекшелігіне сай топтың жабдықталуы мен қажетті дидактикалық материалдардың толықтырылуы да назардан қалған емес. Балалардың эксперимент, зерттеушілік жұмыстарына керекті құралдарын реттеді. Барлық педагог пен тәрбиешілеріміз жаңа оқу жылына тиісті әдістемелік құралдарды ізденіп, жаңа оқу жылына табиғат бұрышына қажетті және топтағы 5 дағды бойынша материалдарын жинақтады. Барлық қажетті материалдар баланың алуына ыңғайлы және қолжетімді болуы жайлы ұсыныстар айтылды. Барлық топтардың және пән мамандарының 2024-2025 оқу жылына арналған перспектикалық жоспарлары бекітуге ұсынылды.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Ж.Саутбекова - балабақша меңгерушісі биылғы жаңа оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысын сайлауымыз керек. Хатшылыққа Жамантаева Айданы ұсынып отырмыз. Өзінің ісіне жауапкершілікпен қарайды. Тиянақты, педагогтермен және ата-аналармен мәдениетті қарым-қатынасты ұстайтын адамгершілігі мол екенін бәріміз білеміз.

Балабақша ішінде педагогтерімізді аттестаттаудан өтуіне байланысты қажетті құжаттарының дұрыс толтырылуы мен қандай құжаттарды жинақтау керектігін, іс-тәжірибенің маңызды жетістіктеріне көңіл бөлуіне көмек беру мақсатында аттестаттау комиссия құрамын тағайындау маңызды. Сіздермен бірге аттестаттау комиссия құрамына - педагог-сарапшы "Қарлығаш" тобының тәрбиешісі Сулейменова Назым, мектепалды "Күншуақ" тобының тәрбиешісі - педагог-модератор Мукашова Айтжамал, музыка жетекшісі - педагог-зерттеуші Г.Абельбаеваны бірауыздан ұсынып отырмыз. Аттестаттау комиссиясының хатшысы балабақша әдіскері педагог-зерттеуші А.Атыгаеваны ұсындық.

Барлық педагогтер мен тәрбиешілер бірауыздан ұсынған аттестаттау комиссия мүшелерін қолдады. Аттестаттау комиссия құрамына 5 педагог сайланды. Аттестаттау комиссия мүшесінің төрағасы балабақша меңгерушісі П.Кадирова, комиссия мүшелері - Н.Сулейменова, Г.Абельбаева, А.Мукашова және хатшы әдіскер А.Атыгаева сайланды.

Биылғы оқу жылындағы аттестатталудан өтетін педагогтер:

5. ТЫҢДАЛДЫ:

П.Кадирова - балабақша меңгерушісі биылғы жаңа оқу жылындағы топтардың дайындығы жайлы маңызды іс-шараларға тоқталды. Балабақшамызда 16 топ жұмыс жасайды. Әр топтағы екі ауысымдағы тәрбиешілеріміз топтардың жаңа оқу жылына дайындығын жаз айынан бастады. Олай болғаны педагог пен тәрбиешілердің еңбек

демалысы 56 күн, кезекпен деамалады. Топ тәрбиешілері топтың тазалық шараларын, әктеу жұмыстарын бірлесіп, тәрбиеші көмекшілерінің бірлескен жұмысы арқасында балалардың ойын бөлмесі, жуынатын бөлме, жататын бөлме, жуынатын бөлмені тазалауды жақсы атқарды. Барлық топтардың бөлмелері тазартылды. Кітап бұрышы барлық топтың тәрбиешілері баланың жас ерекшелігін сай ұйымдастыру керектігін айтты.

Г.Рахимова - балабақша медбикесі жаңа оқу жылына дайындық барысында біршама жұмыстар атқарылды. Балаларды қабылдау бөлмесіндегі баланың ішкінетін сөредегі әр баланың тізімге сәйкес реттілігі, жуынатын және ұйықтайтын бөлмедегі балалардың өз орындарының орны мен кереуеттің суретпен реттелген жүйесі тексерілді.

Әр топта баланың жасына байланысты үстелі мен орындығының өлшеміне де көп көңіл бөлінді. Топтардың тазалығы, бір аптадағы тазалық шараларының өту тізімі мен сәулелендіру кестесін уақытында тиянақты орындау туралы кеңестер берілді. Балалардың балабақшаға күнделікті қатысу барысында дәптерлердің дұрыс толтырылуы жайлы әңгіме-кеңестер берілді.

Шешім:

1. Жаңа 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
2. Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт пен әдістемелік нұсқау хат назарға алынсын.
3. Барлық топтардың және пән мамандарының 2023-2024 оқу жылына арналған перспектикалық жоспарлары бекітілсін
4. Аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін.
5. Педагогикалық кеңестің хатшысы ретінде А.Жамантаева тағайындалсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы
балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



П.Кадирова

А.Жамантаева

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №2

Хаттама №2

Күні: 24.11.2023 жыл

Қатысқандар: 28

Қатыспағандар: 4

Тақырыбы: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын арттыру,
рухани-адамгершілікке тәрбиелеу

Күн тәртібінде:

- №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
Меңгеруші Саутбекова Ж.А
- Психологиялық тренинг «Адал бол!»
Педагог-психолог М.Әбдікерім
- Шеберлік сынып «Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу»
Дефектолог маманы
- Іс-тәжірибеден «Балабақша балаларын адамгершілікке тәрбиелеу»
Тәрбиеші Калыкова А.Н.
- Фронталды бақылау: «Балабақшадағы тәрбиелеу–білім беру жұмыстарының құжаттары»
Әдіскер Атыгаева А.Т

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Ж.Саутбекова – Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып, талдау жасады. Балабақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары, тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт пен әдістемелік нұсқау хат назарға алынып, бекітілген болатын. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес барлық іс-шаралар уақытылы ұйымдастырылып өткізілуде. Сонымен қатар, барлық топтардың тәрбиешілері және пән мамандары 2023-2024 оқу жылына бекітілген перспективалық жоспарларға сәйкес жұмыстарын жасауда.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша педагог-психологы М.Әбдікерім Қазақстанымыздың болашағы жарқын болу үшін паракорлықтан сақ болуды, оны індет деп есептеу керектігін айтты. Балабақша ұжымына «Сыбайлас жемқорлықтың зардабы» атты бейнероликтерді көрсетіліп, педагог-тәрбиешілер өз араларында пікірталалас, сұрақ-жауаптар болды.

«Адал бол!» психологиялық тренинг өткізілді.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Курманбаева А.К. - Кез-келген халықтың ұлттық қазынасы тіл болып табылады. Өрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс.

Бала тілді, ең алдымен, ересек адамдармен әңгімелесуде қолдана бастайды. Бұл жастағы балалар суреттегі өздеріне жақсы таныс қарапайым сюжеттерді түсінеді, сонымен қатар, ересектердің кейбір сұрақтарына да жауап бере бастайды. Бала үшін тіл қоршаған ортамен қарым- қатынас жасау құралы, ал ересектердің тілі балаларды тәрбиелеудің негізгі

құралы болып табылады. Белгілі психолог А.Н.Леонтьев бала тілінің дамуын 4 кезеңге бөлген: I кезең – дайындық – 1 жасқа дейін; II кезең – тілді бастапқы меңгеру мектепке дейінгінің алдыңғы кезеңі – 3 жасқа дейін; III кезең – мектепке дейінгі кезең – 6 жасқа дейін; IV кезең – мектептік – 17 жасқа дейін.

Баланың алғашқы ұстазы ата анасы, тетелес ағаларымен апайлары, тәрбиеші ұстаздары. Олармен күнбе күн араласу, сөйлесу арқылы баланың тілі күн сайын жетіле береді. Баланың тілі бай болса, ойы да жақсы дамиды. Мазмұны терең, тілі көркем, оқуға жеңіл, тез үзінділер оқып үйрену, үйренгендерін өз сөздерінде қолдана білу балалардың сөздік қорын молайтады. Оларды жүйелі ойлауға, ойын дұрыс түсіндіруге жаттықтырады.

Баланың ақыл-ой дайындығының компоненттерінің бірі — жеткілікті дамыған тіл. Баланың тілін жетілдіру үшін алдымен баланы дұрыс сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айта білуге үйрету, оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту. Бұл ретте тәрбиеші балалармен сөйлесу барысында сөйлем мүшелерін қолдана білуіне тәрбиешінің қойған сұрақтарын түсініп, оған толық жауап беруге, өзіне таныс ойыншық, тағам, киім-кешек, қоршаған ортадағы әлемге соның ішінде бау-бақша, жан-жануарлар, өсімдік-жемістер, адамдар, бір ауланың балалары, тіпті балабақша қызметкерлері туралы кім не істейтіні жайлы түсінігі болып, олар жайлы әңгімелей білуге үйренуі тиіс.

Мектепке дейінгі кезеңде балалардың көбінде дұрыс емес дыбыстау байқалады. Ысқырық, ызың, үнді дыбыстарды айту кезінде, сирек жұмсарту, қатаңды ұяңға айналдыру, тіл кемістіктерін байқауға болады. 4-тен 5 жасқа дейін бала барлық дыбыстарды меңгеру және олармен дұрыс қолдану қажет. Егер де бала дыбыстарды бұрмаласа, онда оған арнайы көмек керек, яғни арнайы түзету. Дыбыстардың бұрмалануы әр жаста дизонтогенездің белгісі болып келеді. 3 және 7 жас аралығында балада өзінің дыбысталуын есту арқылы бақылау дағдысы, кейбір мүмкін болған жағдайда оны түзету білігі қарқынды дамиды, яғни фонематикалық қабылдауы қалыптасады. Бұл кезеңде белсенді сөздік қоры 4-6 жасқа қарай 3000-4000 сөзге дейін жетеді. К.Д.Ушинский еңбектерінде тілді сезінуге ерекше мән берген. Ғалымның зерттеуінен баланың сөздегі екпін орнын, грамматикалық айналымды, сөйлемдегі сөздердің байланысу тәртібін еске түсіреді. Сөздік қордың дамуымен қатар сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы да дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балалар тілінің дамуын зерттеген ғалымдардың пікірлерінше, олардың сөздік қоры мына түрде: екі жастағы балалардың сөздік қоры-500 сөзден астам, үш жастағы балалардың сөздік қоры шамамен-1200, төрт жастағылардың сөздік қоры-1900, алты- жеті жастағылардың сөздік қоры 2500-3500 сөз мөлшерінде болады екен.

Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, оқу іс – әрекеттерінде педагог-тәрбиешімен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде танып біледі. Осындай жетістіктерге жету үшін тәрбиеші-педагог алдында тұрған балаға ертеңгі мектеп оқушысы деп қарап, баланың мінез кұлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру керек. Сондықтан осындай ерекшелігін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жүргізу қажет.

Тіл — қоғамдағы адамдардың бір — бірімен пікір алысып, қарым — қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл – бұл ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойындағы тілдік мәдениетті қалыптастырамыз. Олай болса тіл адам баласы қоғамымен бірге туып, өмір сүріп, ұрпақтан — ұрпаққа мирас болып келе жатқан мұра. Баланы тілдік мәдениетке тәрбиелеуде отбасының, бала — бақшаның қажырлы еңбегі орасан. Бала — бақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі — баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрету.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Калыкова А.Н. - Бүгінгі таңда білім беру мен тәрбие жүйесін қоғам сұраныстарына сәйкес жаңарту мен дамыту мәселелері өзекті болып отыр. Осы орайда, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеу жүйесін сүйіспеншілікке негіздеу, оларды

адамгершілікке тәрбиелеу ең негізгі міндеттердің бірі. Себебі ерте жастан сүйіспеншілік пен құрмет көріп өскен баланың болашағы жарқын болатынын тәжірибе дәлелден отыр.

Ерте жастан бастап балаларға жақсы мен жаманның не екенін түсіндіріп, жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алуға, үлкенді сыйлап, мейірімділік таныта алуға, достарына, туыстары мен жақындарына шамасына қарай көмек көрсетіп, қамқор бола алуға, мейірімді болуға үйрету кезек күттірмейтін, ең өзекті мәселелердің бірі.

Балабақшада балалар жақсы мен жаманның не екенін түсініп, жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алуы үшін тек қана адамгершілік сабақтарында емес баланы танертең қабылдап алғаннан үйіне шығарып салғанға дейінгі барлық іс-әрекеттер жүйесі тек қана адамгершілікке құрылуы тиіс. Өйткені балалар естігенін емес, көргенін жасайды. Педагогтар мен балабақша қызметкерлері өздері үлгі бола алуы тиіс.

Балабақшада балалар өз эмоциялық көңіл күйін білдіріп, үлкенді сыйлауы, мейірімділік таныта алуы үшін әр балаға сыйластықпен, түсіністікпен қарап, олардың өз іс-әрекетін жоспарлау және дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы таңдаулары мен дамуын іске асыруға көмектесіп қана қоймай, оқу-тәрбие үдерісіне отбасын қатыстыру өте жақсы нәтиже береді.

Балабақшада отбасымен ынтымақтастық орнату балалардың достарына, туыстары мен жақындарына шамасына қарай көмек көрсетуі және қамқор бола алуына үйренуге жағдай жасайды.

Балалар өмірде жаман-жақсыны ажырата алуы, үйдегі, балалар бақшасындағы, қоғамдық орындардағы жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді сәтті білуге үйрену үшін мектепке дейінгі ұйымда ойын-сабақтар, жағдаяттар шешкізу, сюжетті ойындар барысында іске асырылады.

Мысалы балалардың өзіндік ой-пікірін өзгелермен ашық та еркін бөлісуіне қажетті жағдай жасау мақсатында балалармен әңгімелесу ұйымдастырылады. Педагог балаларға қажетті адамгершілік түсінік туралы дайын ақпарат бермей өз беттерінше түсініп, ұғып, өздері қорытынды шығаруға жетелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады.

Балаларды «ойын», «жаттығу» әдістемелік тәсілі балалардың еркін-еркін әрекет етіп, топта жақсы көңіл-күй туғызады. Балалардың ойнау әрекеті қашан да олардың арасында белгілі өзара қарым-қатынастың пайда болуы және дамуымен байланысты. Ойында әр баланың позициясы белсенді болады: ол өзі ойнағысы келгенде және ойынға қызыққанда ойнайды, ойнауға керек жолдасты белсене іздейді, олармен белгілі қарым-қатынаста болады. Балалар ойынды өздері ойлап табады, ойнауға ұйымдасады, дауды өздері шешеді, өздері ойнайтын топ құрады, олардың құрамын да өздері өзгертеді. Балалар ұжымдық ойын кезінде топтасады, олардың арасында жолдастық қатынастар қалыптасады. Педагогтың міндеті ойнап жүрген балаларды зер салып бақылап, олардың қарым-қатынастары қандай адамгершілік негізде құрылғанын бақылап, біліп бақылау күнделігіне түсіріп отыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетте дидактикалық ойындар, драмалық, рөлдік, кимылды ойындар тәсілдерін кеңінен қолдануға болады.

Балаларды адамгершілікке үйретуде фильмнен, мультфильмнен үзінділер көрсету тек қана сөзбен айтып түсіндірмей, көздерімен көріп, түйсіну арқылы қабылдауға мүмкіндік береді.

Балабақшада сюжетті рөлдік ойындар, сахналау әдістерін пайдалануда, балалардың белгілі бір рөлдерді ойнауларына тура келеді. Сол себепті педагог тапсырманың мазмұнымен, рөлдермен, қарым-қатынас әдістерімен алдын ала таныстыруы тиіс. Тапсырма өз деңгейінде орындалғанда балалар берілген жағдаяттың себебін талқылап, тереңірек түсініп, өз дәлелдері мен қорытындыларын ұсына алады. Сахналау кезінде балаларға таңдау еркіндігі беріледі. Бұл таңдай білуге және өзінің қызығушылығын және мүмкіндігін іске асыруды үйренуге көмектеседі. Таңдау жасау, білуге құмарлық, әуестікті қалыптастыру, проблеманы шешуге қабілеттілік, басқалармен қарым-қатынас жасау және өз бетінше алға қойған мақсатына қол жеткізу негізгі мақсаттары болып табылады.

Балабақшада балалар сахналау, ролдік ойындар барасыныда өзгелермен санаса білуге, жақсы көруге, қамқорлық жасауға, өзгелерге қуаныш сыйлауға, орынсыз қылықтарына ұялуға үйреніп, адамгершілік қасиеттері қалыптаса бастайды.

Тәрбиешінің адамгершілік бағыттағы әңгімелері мен ата-аналармен жұмыс барысында балалар өз іс-әрекеттерін басқара білуге, басқаларға жанашырлық танытуға, өзге адамдарға жақсылық тілеп адамдарға көмек көрсете алуға үйренеді.

Қорыта келгенде балабақшада балаларды адамгершілікке тәрбиелеу тек қана тәрбиеші тарапынан ғана іске аспайтын тәрбие үдерісіне отбасын тікелей қатыстыруымен жақсы нәтиже беретін үздіксіз үдеріс. Өйткені жалпы ересек адамдар балаларға өте күшті ықпал етеді, ата-аналар өз балаларының ең басты ұстазы екендігі сөзсіз.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Атығаева А.Т. - балабақша әдіскері балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісіндегі перспективалық жоспарды жыл бойы жас ерекшеліктеріне сай әр топтың балалары меңгеруге тиісті бағдарламада көрсетілген көрсеткіштерге сай құжаттары тексерілді. Балабақшамызда ортаңғы, ересек, мектепалды топтардағы тәрбиешілердің және пән мамандарының перспективалық жоспарлары бағдарламаға сай құрылған. Апталық циклограмманы толтыруда орын алған кемшіліктер бойынша кеңестер берілді. Педагогтер өздерінің апталық циклограммаларын құруда әр топтарға жеке жасау керектігі бойынша кемшіліктер орын алды. Тәрбиешілердің негізгі құжаттары - перспективалық жоспар, циклограмма, балалардың жеке даму карталары уақытысында толтырылып отырғанымен орын алған кемшіліктерді тәрбиешілер мен педагогтер қайтадан түзету жұмыстарын жүргізді.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет кестеге сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, бейнелеу өнері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Сөз соңында циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптарды атап өтті. Аптаның әрбір күніне перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау, әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілікпен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану, әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны құру басты міндетіміз.

Шешім:

1. Әр топта балалармен жас ерекшеліктеріне сай инновациялық технологиялар арқылы тіл дамыту жұмыстары әрі қарай жалғастырылсын.
2. Балабақша балаларын адамгершілікке тәрбиелеуде ата-аналар өз балаларының ең басты ұстазы екендігін ескере отырып, балабақшадағы тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналар қатыстырылсын.
3. Педагог-тәрбиешілер әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын, жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып ұйымдастырсын
4. Балалардың денсаулығын нығайтуда күнделікті сауықтыру шынықтыру шаралары дұрыс өткізілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы
балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Ж. Саутбекова

А. Жамантаева

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №3

Хаттама №3

Күні: 24.01.2024 жыл

Қатысқандар: 30

Қатыспағандар: 1

Тақырыбы: Тәрбие мен оқыту процесінде дамытушы ойындар мен ұлттық ойындарды қолдану

Күн тәртібінде:

- №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына талдау
Меңгеруші Саутбекова Ж.А.
- Жалпы бөбекжай бойынша балалар сырқаттануының I жарты жылдық есебі
Медбике Рахимова Г.Ш.
- Шеберлік сынып. Ортаңғы топтарда қолданылатын дамытушы ойындар
Тәрбиеші Иманкулова А.
- Салыстырмалы бақылау.
Ортаңғы, ересек топтардағы дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау
Әдіскер Атыгаева А.Т.
- Іс-тәжірибеден. «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады»
Дене шынықтыру нұсқаушысы Бекбоєынова С.М.
- Іс-тәжірибеден. Ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану
Бейнелеу өнері мұғалімі Баримбекова А.Б.
- Іс-тәжірибеден. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары
Музыка жетекшісі Иманалиева Л.М.
- №3 педагогикалық кеңес шешімі
Меңгеруші Саутбекова Ж.А.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі педагогикалық кеңесті аша отырып, өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып, талдау жасады. Педагогикалық кеңесте қаралатын күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Қаралатын мәселерге жауапты педагогтерге өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын білдіруді ұсынды.

2. СӨЗ АЛДЫ:

Балабақша медбикесі Рахимова Г.Ш.

Балалардың қауіпсіздігі тікелей тәрбиешілерге байланысты. Балабақшада тәрбиеші балаларды қараусыз қалдырауға құқылы емес. Таңертен тәрбиеші жұмысқа келгенде топтағы барлық үй жайларды тексеріп қарауы керек. Өздерінің білесіздер, біздің балабақшада екі бала қызылшамен, екі бала ішек инфекциясымен ауырды, сондықтан ойыншықтарды жұмыс аяғында жақсылап жуып, кварлампасын міндетті түрде қоямыз.

Жарты жылдың ішінде біздің балабақшамызда бір жарақаттану жағдайы, яғни, баланың қол сынуы, 2023 жылдың қазан айында орын алған. Балаға бірінші көмек көрсетіліп, жедел жәрдем шақырылды. Топ тәрбиешісімен бірге баланы емханаға апарып, сол жерде көмек көрсетілген болатын.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Ортаңғы «Айгөлек» тобының тәрбиешісі Иманкулова А.Б.

Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады.

Балабақшадағы дамытушы ойындар оқу-тәрбие үрдісінде маңызды рөл атқарады. Әр бала қоршаған ортаны ойын және ойыншықтар арқылы таниды. Ойын – кіші жастағы балада қоршаған ортаны танудан және қоршаған заттарды зерттеуімен және оларды салыстырудан басталады.

Балалардың үйлерінде шұғылданған дамытатын ойындардан айырмашылығы, балабақшада дамытатын ойындар тәрбиешімен толық тексеріліп отырады. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды.

Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен күшшынсы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорын дамытады.

Балабақшадағы дамытушы ойындар оқу-тәрбие үрдісінде маңызды рөл атқарады. Әр бала қоршаған ортаны ойын және ойыншықтар арқылы таниды. Ойын – кіші жастағы балада қоршаған ортаны танудан және қоршаған заттарды зерттеуімен және оларды салыстырудан басталады.

Балалардың үйлерінде шұғылданған дамытатын ойындардан айырмашылығы, балабақшада дамытатын ойындар тәрбиешімен толық тексеріліп отырады. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды.

Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен күшшынсы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорын дамытады.

Ойындар бірнеше түрге бөлінеді: Дамытушы ойындар, үстел үсті ойындар, қимылды ойындар, сюжеттік-рөлдік ойындар, дидактикалық ойындар болып бөлінеді.

Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттап отырады, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра ойнарып зейінін, қиялын

дамытады. Балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. **Мысалы:** «Дәл осындайды тауып ал», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Осындай түсті ойыншықты тауып бер», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда суреттер қолданылады. **Мысалы:** «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Төліп тан», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. **Мысалы:** «Жақсы-жаман», «Кім қалай дауыстайды?» «Бүгінгі күн қандай?».

Бұл ойындар балалардың шығармашылық қабілеттіліктерінің дамуына жағдай жасайды, логикалық ойлауды қалыптастырады. Арнайы ойын-сабақ және іс-әрекет мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

4. СӨЗ АЛДЫ:

Балабақша әдіскері Атыгаева А.Т.

Қаңтар айының 15 - 19 аралығында ортанғы мен ересек топтарындағы тәрбиешілердің жұмыс жүйесінде дамытушы ойындардың балалардың жас ерекшелігіне, бағдарламалық мазмұнына сай өткізілуін салыстыру мақсатында салыстырмалы бақылау жүргізілді.

Бақыланған жұмыс түрлері:

Апталық циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес жазылуы, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің күн тәртібіне сай өткізілуі, күн тәртібінің сақталуы, серуен кезеңдерінің орындалуы, күннің екінші жартысының тиімді пайдалануы, балабақшаның жұмыс жоспарына сәйкес ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізілуі.

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер өткізу кестесі

Күні	Уақыты	Тәрбиеші/ҮІӘ атауы	Тобы
15.01. 2024 жыл	09.00	Аубакирова С. «Ертегілер әлемі» көркем әдебиет	Ортаңғы "Қуаныш" тобы
	09.30	Иманкулова А. «Үй жануарлары»/сөйлеуді дамыту	Ортаңғы "Айгөлек" тобы
	10.00	Искакова З. «Құстар – біздің досымыз»/Қоршаған ортамен таныстыру	Ортаңғы "Бобек" тобы
16.01. 2024 жыл	09.00	Дастанова А. «Сиқырлы пішіндер»/Математика негіздері	Ортаңғы "Айгөлек" тобы
	09.30	Оксипаева А. «Менің отбасым»/қоршаған ортамен таныстыру	Ортаңғы «Жұлдыз» тобы
	10.00	Нурлыбаева М. «Құстар – біздің досымыз» Қоршаған ортамен таныстыру	Ересек «Қызғалдақ» тобы
	10.30	Баракова З. «Көліктер»/сөйлеуді дамыту/сурет салу	Ересек «Құлыншақ» тобы
	09.00	Чакаева Э.	Ортаңғы «Бота» тобы

17.01. 2024 жыл		«Қыс қызығы» / сөйлеуді дамыту	
	09.30	Болат Г. «Сықырлы сандар»/математика пәніздері	Ересек «Балдырған» тобы
	10.00	Жаулыбекова А. «Уақыт сықыры»/қоршаған ортамен таныстыру	Ересек «Қызғалдақ» тобы
18.01. 2024 жыл	09.00	Мусабаева А. «Күн нұрын шашқан»/қоршаған ортамен таныстыру	Ортаңғы «Балапан» тобы
	09.30	Исаева Н. «Қыс қызығы»/сөйлеуді дамыту	Ересек «Ақтиін» тобы
	10.00	Мукашова А. «Қысқы орманға саяхат»/сөйлеуді дамыту/қоршаған ортамен таныстыру	Ересек «Гүлдер» тобы
	10.30	Азырбай А. «Мамандықтың бәрі жақсы»/сөйлеуді дамыту	Ересек «Балдырған» тобы
19.01. 2024 жыл	09.00	Канаева С. «Қыс қызығы»/ қоршаған ортамен таныстыру	Ортаңғы «Балапан» тобы
	09.30	Абилмансурова М. «Ертегілер еліне саяхат»/көркем әдебиет	Ересек «Ақтиін» тобы
	10.00	Алимбекова Ф. «Қысқы ойындар»/сөйлеуді дамыту	Ересек «Гүлдер» тобы
	10.30	Кабылбекова А. «Көліктер»/қоршаған ортамен танысу	Ортаңғы «Жұлдыз» тобы

№	Топ/тәрбиеші	Жоғары	Талан-ка сай	Орташа	Төмен
1	Ортаңғы «Қуаныш» тобы/ Аубакирова С.А.			+	
2	Ортаңғы «Айгөлек» тобы/ Иманкулова А.Б.				
3	Ортаңғы «Айгөлек» тобы/Дастанова А.Е.			+	
4	Ортаңғы «Бөбек» тобы/Искакова З.К.			+	
5	Ортаңғы «Балапан» тобы/Мусабаева А.С.				
6	Ортаңғы «Балапан» тобы/Канаева С.С.				
7	Ортаңғы «Жұлдыз» тобы/Оксикпаева А.К.			+	
8	Ортаңғы «Жұлдыз» тобы/Қабылбекова А.Ш.				
9	Ортаңғы «Бота» тобы/Чакаева Э.С.				
10	Ересек «Құлыншақ» тобы/Баракова З.Н.				
11	Ересек «Ақтиін» тобы/Исаева Н.Б.				
12	Ересек «Ақтиін» тобы/Абилмансурова М.К.				
13	Ересек «Гүлдер» тобы/Мукашова А.А.				
14	Ересек «Гүлдер» тобы/Алимбекова Ф.О.				
15	Ересек «Қызғалдақ» тобы/Жаулыбекова А.				
16	Ересек «Қызғалдақ» тобы/Нурлыбаева М.Б.				
17	Ересек «Балдырған» тобы/Болат Г.				

Балабақшамыздың 6 ортаңғы және 5 ересек тобының 17 тәрбиешісі ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізді. Әрбір өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің соңында ұсыныстар беріліп, талқылау жүргізіліп отырды. Топтарда көрсеткі құралдары жинақталған. Еркін ойын мен қимылды ойындарда балаларды тәрбиелеу бойынша тапсырмалары баланың жасына сай ұйымдастырылған. Түрлі ойынның картотекалары жинақталған. Ойын арасындағы сергіту жаттығуларын теледидар, ноутбук арқылы музыкалық әуенмен орындалды. Уақыт пен жылдамдыққа көңіл бөлу керектігі жайлы ұсыныстар берілді. Балалардың толық жауап беруіне, өз бетінше әңгімелей білуіне қарай жекелей жұмыстарды тиімді ұйымдастыру жайлы ұсыныстар айтылды.

Жоғары деңгейді 7 тәрбиеші, оның ішінде 3 ортаңғы тобының тәрбиешілері, 4-еуі ересек тобының тәрбиешілері; талапқа сай 8 тәрбиеші, оның ішінде 4 ортаңғы және 4 ересек тобының тәрбиешісі және 2 тәрбиеші орташа деңгейді көрсетті.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Дене шынықтыру нұсқаушысы Бекбосынова С.М.

Ұлттық ойындар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған екен және балаға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке және адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен.

Ұлттық ойындардың мақсаты: ұлттық сана, ұлттық таным қалыптастыру, ұлттық құндылықтарымызды ойын арқылы насихаттау.

Жалпы мен өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекеттерімде ұлттық ойындардың бірнеше түрін қолданамын, атап айтсам – асық ату, ханталапай, арқан тартыс, ақ серек – көк серек, қол күрес, итеріспек, қол тартыс (қыздарға).

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балаларға мақал-мәтел үйретемін.

Мысалы: 1. «Асық ойнаған - озар, доп ойнаған - тозар»

2. «Құтты қонақ келсе - қой егіз табады»

3. «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар»

Сонымен қатар, ұлттық ойындар ойнату барысында балаларға түрлі сұрақтар қойылады.

Мысалы: 1. Ұлттық ойындарды ата?

2. Төрт түлік малды ата?

3. Асықтың түсуін ата? (алшы, тәйкі, бүк, шік)

4. Ханталапай ойынындағы негізгі асық қалай аталады?

5. Асықтың түсі қандай?

Балабақшамыздың ересек топ балаларымен «Ханталапай» ұлттық ойыны ойнатылып, «Тіл сарайы» мекемесінде бейнежазбасы түсіріліп Youtube платформасына жүктелген болатын.

Айтқанда сөзі өтетін,

Атқанда оғы жететін ұрпақ тәрбиелеу үшін, ұлттық ойындарды ойнатайық!

6. СӨЗ АЛДЫ:

Бейнелеу өнері мұғалімі Баримбекова А.Б. сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекеттегі қазақтың ұлттық ою-өрнектерін қолданудағы дәстүрден тыс тәжірибесімен бөлісті. Сурет салуда қарындаш, қылқалам немесе түрлі бастырып салатын түрлі суреттермен жұмыс балаларға бұрыннан таныс іс-әрекет болғандықтан қызығушылықтары болмауы мүмкін. Сондықтан ересек топтарда сурет салуда түрлі дәстүрден тыс балалардың шығармашылығын арттыратын түрлі іс-әрекеттерді ойында қолданып келемін. Балалардың сурет салуда 3Д форматында өздері жасап жатқан шығармашылық жұмысына ерекше назарын аударып, өздері жасағандығына сенбей, қызығулықтары артып, қайта жасап көруден жалықпайды. Түрлі гүлдерді манка жармаларын әр түрлі түске боялған ыдыспен алдымен дайындалады. Әр бала қалаған түспен салынған дайын суреттің үстін өздерінің қалауы бойынша әсемдейді. Осы кезде баланың ой-қиялының ұшқырлығы байқалады, гүлдердің үстінде тағы да кішірек суреттерді қондыру арқылы гүлге қонған көбелектің шынайы қонып тұрған тәріздес бейнесі

